Сәтбаев қалалық
мәслихатының төрағасы
Қ.М.Балмағамбетовке

Аппарат басшысы
Қ.М.Махаметбетовадан

«Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заңның (бұдан әрі – Заң) 16-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу.

Осылайша, Заңның 16-бабының 3-тармағына 25 тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуды бір көзден тікелей шарт жасасу арқылы жүзеге асыру туралы шешімге тапсырыс берушінің бірінші басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға, не орталық мемлекеттік орган аппаратының басшысы немесе аппарат басшысының өкілеттіктерін жүзеге асыратын өзге де лауазымды тұлға қол қояды.

Сонымен қатар, Заңның 16-бабының 3-тармағына сәйкес, бір көзден тікелей шарт жасасу арқылы жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алулар осы Заңның 16-бабының 3-тармағының 25) тармақшасына сәйкес келетін мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру қағидаттарын сақтай отырып жүргізіледі.

Бұл ретте, мемлекеттік сатып алуларды бір көзден тікелей шарт жасасу арқылы жүзеге асыру туралы шешім қабылдаған тұлға жоғарыда көрсетілген қағидалардың сақталуы үшін дербес жауапкершілікке ие болады.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 34-қосымшасында келесі есепті толтыру көзделген, атап айтқанда: «бір көзден шарт жасайтын айрықшалықты растайтын құжаттың атауы, күні және нөмірі (қызметтік жазба, қорытынды, анықтама)» бағаны.

Анықтама үшін: форматтық-логикалық бақылау – Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңнамасының сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған, веб-порталда мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыратын бағдарламалық өнімдер кешені.

Осы орайда, Қағидалардың 510-тармағына сәйкес, Тапсырыс беруші шарт жасасқаннан кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей веб-порталда бір көзден тікелей шарт жасасу арқылы жүргізілген мемлекеттік сатып алудың нәтижелері туралы есепті, аталған қызметтік жазбаны көрсете отырып, орналастыруға міндетті. Қағидалардың 506-тармағына сәйкес, бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілін таңдау келесі негіздермен айқындалады.

Жоғарыда баяндалғанды негізге ала отырып, «Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» (БСН 09024000429)

веб-порталы арқылы бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілін қолдану кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнамасының талаптарын сақтау, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың ашықтығы мен заңдылығын қамтамасыз ету қажет деп санаймыз.

Аппарат басшысы **Қ.М.Махамбетова**

14.08.2026 ж